

ҰЛТТЫҚ ЗАҢ АГЕНТТІГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 12 қаңтар N 60. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.01.21. N 26 қаулысымен. ~P980026

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1228 U931228_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүйесінде Ұлттық заң агенттігі құрылсын.

2. Ұлттық заң агенттігі Қазақстан мен шет елдің заңды және жеке тұлғалары өз қызметін Қазақстан республикасының және шет ел мемлекеттерінің аумағында жүзеге асыру кезінде Заңдық (адвокаттық) сипаттағы жұмыстар орындау және қызмет көрсетуге арналған мамандандырылған ұйым болып табылады деп белгіленсін.

Оның қызметіне жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады. Агенттік өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі ақтау негізінде (оның ішінде шет ел валютасымен) қызмет атқарады, өз қызметінде қолданылып жүрген заңдар мен ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі екі ай мерзім ішінде Ұлттық заң агенттігі туралы ереже әзірлеп, Үкімет қарауына енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Ұлттық заң агенттігін ұйымдастыру үшін қажетті қаржы бөлсін.

5. Ұлттық заң агенттігі бұрын Қазақстан Заңгерлер одағы орналасқан Әйтеке би көшесі бойында, 67 үйдегі қызмет кеңселерінің жалпы көлемі 85 шаршы метрлік бұрынғы Әділсот үйіне орналастырылсын.

6. Қазақ КСР-і Премьер-министрінің 1991 жылғы 10 қарашадағы N 189 өкімінің екінші абзацының 1 тармағындағы Қазақстан Заңгерлер одағының әділсот үйінде орналасады деген бөлігі күшін жойды деп танылсын.

Осы өкімнің N 1 қосымшасындағы "Қазақстан юристер Одағы" деген сөздер " Ұлттық заң агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК